

**МКҚК №20 «Дидар» балабақшасының**  
**қамқоршылық кеңесі отырысының № 2 хаттамасы**

**Өткізілген күні:** 01.02.2024 жыл

**Қатысқаны:** 7 адам

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1. Балабақшаның материалдық- техникалық базасын нығайту:
  - Асхана аспазшылары мен жұмысшыларына үш ауысымды жұмыс киімін сатып алу.(қосымша ақылы қызмет есебінен)
  - Медициналық кабинетке балаларға арналған бой өлшейтін құрылғы мен балалардың салмағын өлшеуге арналған таразы сатып алу.(бюджет қаражаты есебінен)
2. Балабақша аумағындағы қарды шығару жұмыстарын ұйымдастыру.  
(ата-аналармен, демеушілермен)
3. 8 наурыз,22 наурыз мейрамдарының мерекелік жұмыс жоспармен танысу.
4. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау: қызметкерлердің қызметтік міндеттерін толық орындауын қадағалау.

**Тыңдалды:**

**Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша**

Балабақшаның техникалық базасын нығайту мақсатында ,казіргі уақытта балабақша-мызда ,дидактикалық көрнекілік материалдар, әдістемелік құрал жабдықтарды жаңарту, заттық дамытушы ортаны кеңейтіп, жасақтау, ұлттық құрал-жабдықтармен музыкалық аспаптар жеткіліксіз.Сонымен қатар топтарда жиһаздарды жаңарту қажет.

Қосымша ақылы қызмет есебінен асхана аспазшылары мен жұмысшыларына үш ауысымды жұмыс киімін сатып алу керектігі айтылды.Медициналық кабинетке балаларға арналған бой өлшейтін құрылғы мен балалардың салмағын өлшеуге арналған таразының ескіріп қалуына байланыста жаңасын сатып алу туралы айтылды.

**Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша**

Балабақша аумағында және топтардың ойын алаңдарында қарды шығару жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігі айтылды, себебі көктем кезінде қар еріп балабақша ауласында, айналасында су мөлшері көбейін жаяу адамдардың жүруіне, балабақшаға балаларды тасымалдауда кедергілер келтіріп жатады. Балабақша қызметкерлерімен, ата-аналармен бірлесе отырып қарды шығару жұмыстарын ұйымдастыру туралы айтылды.

### Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша

Балабақшада 8 наурыз, 22 наурыз мейрамдарының мерекелік жұмыс жоспарлары құрылып бекітілді. 8 наурыз мерекесіне орай «Аналар мектебінің» ұйымдастыруымен «Қызым еркем-бұрымымен көркем» сайысы, барлық топтарда мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылып өткізілуде.

22 наурыз мерекесі топтардың ауылға бөлініп, сол ауылда наурыз мерекесін тойланады. Балабақшаның музыка залында мерекелік бағдарламалар өтеді және балабақшаның ауласында «Наурыз -Думан» наурыз тойы тойланып, ұлттық ойындар ойнатылып, наурыз көже мен бауырсақ таратылады.

### Күн тәртібіндегі 4 -ші мәселе бойынша

Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау: қызметкерлердің қызметтік міндеттерін толық орындауын қадағалау бойынша бекітілген жауапты қызметкерлер үнемі қадағалап, нұсқаулықтармен таныстырып, танысқандығы туралы журналға тіркеліп отырады.

### Шешімі:

1. Балабақшаның материалдық- техникалық базасы нығайтылсын.
2. Балабақша аумағындағы қарды шығару жұмыстары ата -аналармен бірге ұйымдастырылсын..
3. 8 наурыз, 22 наурыз мейрамдарының мерекелік жұмыс жоспары бекітілсін
4. Балабақша тәрбиеленушілерінің өмір қауіпсіздігін сақтау қадағалансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы :



Асадуллаева А.Ю

Хатшы:



Атағалиева Н.Ж